



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

түрде өзіндік үлестерімізді қосу арқылы гүлдендіріп, көркейтпекпіз. Менде жеке тұлға ретінде бұл саяси ауқымы кең тақырыпқа қосар өз ой-толғанысымды айтуды жөн көрдім. Қазақ халқы сонау қарт тарих куә болғандай сан ғасырлар бойы езгі мен тартыстан аман қалған рухы мықты қайсар ел. Ондай елдің нар тұлғалы әр бір азаматының бойында патриоттық сезімнің болуы әрине белгілі жағдай. Жастардың жалындаған қызу қарқынын дер кезінде қазіргі таңдағы атқарылып жатқан іс-шараларға сәйкес жүзеге асырар болсақ, Қазақ елі жахандық дамудың көш ілгері басында тұрары айдан анық. Сол себептен мемлекет тарапынан да қолдау жұмыстарымен көмек әрекеттерді үзбей отырар болса, сонау сан ғасырлар бойы армандаған ата-баба аманатындағы кемел келешек бүгінгі күнге айналмақ. Бұл мақаланы жаза отырып жаңа тың идеялармен ерекше серпілістер көзіне куә болғандаймын. Ниетті жан әрқашанда өз ісіне жемісті тірек табары сөзсіз! Сондықтан да Қазақ елінің өр рухты қайсар жастары әрқашан да дамудың алдыңғы сатысын да жүруі және де өз кезегінде бәйге көшінің тізгінін де өзі ұстаса ғана әлемді мойындатқан алпауыт елге айналамыз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Берікбол Дукеев <http://makala.kz/kogam/zhastar/>
2. Зайниева Л.Ю., Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында.- Алматы:Дайк-пресс, 2009-284б. (Рамазанова Ә.Х., филос.ғ.к.,әл-Фараби ат.ҚазҰУ доценті)
3. "Егемен Қазақстан" 2004 жылғы 14 шілде N 176. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж.
4. www.stat.gov.kz «Жастар саясатында әлемдік тәжірибенің оң сипаты».
5. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.
6. <http://youthpolicycenter.kz/ru/section/konkurs-geroy-nashego-vremeni.html>

УДК 32:316.37

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Дүйсенбай Жансая

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Досмурзаева Д.О.

Әйел адам – отбасының ұйытқысы. Шаңырақтың шайқалмауында, ұлттың ұлт болуында әйелдердің рөлі орасан зор. Әйелі бұзылған қауымнан жақсы ел шықпайды, ол ел-ел болудан қалады.

Соған қатысты тағы бір мәселе, яғни әйелдің ең маңызды міндеттерінің бірі – үйдегі болған сырды сыртқа шашпау, сыр сақтау. Бұл салиқалы да пәк әйелге тән сипат [1].

Қоғам өміріндегі әйелдердің орны біздің еліміздің дамуымен тікелей байланысты. Әлеуметтік статус бойынша атқаратын қызметі мен жасап жатқан жұмыстарына байланысты бірнеше бөлімдермен жүзеге асады. Еліміздің егемендік алғанымызға 25 жыл уақыт болса да еліміздің жаһандық саясатта шеберлік танытып, халық пен ел абыройын еселеуде көптеген жерлерде жеңіске жетіп жүргені белгілі. Және үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін дөңгеленген дүниенің барлық сырынан хабардар мемлекеттер жақсы біледі. Сондықтан да әлем елдерінің алдындағы оң саяси сипатымызды бұдан да мықтырақ етуді көздеп, демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек. Жалпы бұл саясат-әйелдердің әлеуметтік ортадағы негізгі орнын анықтай отырып, қоғам өмірімен байланысын жүзеге асыруға зор үлесін қосар еді [10].

Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат» жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Гендерлік саясат – бұл жыныс белгілері бойынша дискриминацияны жою және эгалитарлы қоғамды қалыптастыру үшін жүзеге асырылатын саясат. Бұл ерлер мен әйелдердің арасындағы қоғамдық арақатынасты реттей отырып, өз ойларын нақты және айқын айтуды көздейтін саяси бағыт болып табылады. Олардың отбасындағы және әлеуметтік ортасындағы жұмыс жасау қабілеті және оларды атқару, мемлекет тарапынан қолдау табатын саяси факторлармен белгіленген негізгі жүйе болып табылады [2].

Гендерлік саясат негіздері 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген, өйткені ол Республика дамуына әйелдердің адами капиталын толық тарту үшін мүмкіндіктерді ашты. Әйел затының қоғам өміріндегі маңызды орнын айқындауға біршама жағдайлар жасауға талпыныстар болды. Жаңа мүмкіндіктермен, биік белестерге ұмтылу жолы ашылды.

Конституцияның 14-бабында заң мен сот алдында барлық азаматтар тең екендігі жазылған. Ешкім кемсітушілікке, соның ішінде жыныстық белгі бойынша кемсітушілікке тартылмайды. Негізгі Заң Қазақстан Республикасында құқықтық, саяси, әкімшілік және мемлекеттік жүйені қалыптастырудың негізгі принциптері мен критерийлерін құрды. Ал 27-бапта аналық және әкелік тең деңгейде қорғалатындығы айтылған. Сонымен Ата Заң Қазақстан Республикасының құқықтық, саяси, әкімшіліктік және жалпы мемлекеттік жүйені құрудың негізгі принциптері мен критерийлерін белгіледі.

Қазіргі өмірлік жағдайда гендерлік мәселеге қоғам тарапынан көптеп назар аударылуда. Қиын және қарама-қайшылықты, экономикалық, әлеуметтік-саяси процестер, кедейліктің жоғарғы деңгейі және басқа да кері әлеуметтік құбылыстар әйел дискриминациясын тереңдетуде және оны ұқтыруда. Сонымен қатар, мұнда отбасылық қарым-қатынастар мәселесі, ажырасу процестері, ерлер тарапынан зорлық-зомбылық көрсету және т.б. жатады. Осының салдарынан жастардың адамгершіліктік және мәдени потенциалының төменделуі байқалуда. Бұл барлық процестер ел дамуының барлық саласына кері әсерін тигізеді. Саяси тұрғыдан елдің дамуына әйелдер саясатының да маңызды орны бар. Өзіндік тың идеялар мен белсенділігі арқасында біраз тыңғылықты жұмыстар атқарылуы мүмкін [2].

Гендерлік теңсіздік мәселесі теңдей мүмкіндіктерге негізделген жыныстар арасында эгалитарлы қарым-қатынастарды құру көмегімен шешілуі мүмкін. Әйел мен ерлердің арасындағы функцияларды бөлудің бұл түрінің өзгеруі – бұл қоғамдық қағидаға қарсы емес, ескірген әлеуметтік қағидаларды бұзу процесі. Яғни, әйелдердің де қоғамда өзіндік ойы бар екенін, мемлекет және басқару жүйесімен тығыз байланыста екенін көрсету болып табылады. Жыныстар арасындағы қарым-қатынастардың жаңа эгалитарлы түрі басқарушы мен бағынушының өзара байланысына емес, қоғам мен отбасыда тұлғалық өзара толықтырылатын қарым-қатынастарға негізделген. Гендерлік саясатты жүзеге асыруды тек жыныстардың ерекшелігі тұрғысынан емес, әйел мен ердің адамдық капиталын аша алатындай тұлғалық қырынан қарастыру қажет. Бұл деген- екі топ өкілін де жеке индивид ретін де қадағалап, қоғамдағы өз орындарын анықтау және жұмыс бөлігінде салмақты ой қорытындыларын жасау [2].

Қазақстан Республикасы гендерлік теңсіздік туралы Заңды қабылдай отырып, ер мен әйелдің қоғамның әлеуметтік ортасына, саяси және экономикалық өміріне араласуына тең мүмкіндіктерге, ресурстар мен сыйақыға ие екендігі айтылады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ер мен әйелдің құқығы мен заңдық мүддесін қорғау саласында белгілі жетістіктерге жетті. Президенттің тікелей қолдауы бойынша гендерлік саясат мемлекеттік саясаттың қажетті және үздіксіз құрамы болып табылады. Қазақстандық гендерлік саясатты құру барысында адам, отбасы және гендерлік теңдік құқығы салалары бойынша БҰҰ-ның бағдарламалық құжаттары сияқты табысты

халықаралық тәжірибелер қолданылды. Елбасы тең құқықтар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу мақсатында келесідегідей міндеттерді алға қойды:

- гендерлік теңдікті қамтамасыз ету үшін институттарды қалыптастыру және заңдарды жетілдіру;

- әйелдердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру;

және т.б. Қазақстанның гендерлік саясатының басты ерекшелігі – гендерлік жобалардың инициаторлары ретінде Президенттің өзі және мемлекет болып табылады [3].

Жалпы қоғам өміріндегі соның ішінде діни бірлестіктер тұрғысынан қарайтын болсақ, нәзік жанды өкілдер тобы саяси және халықаралық деңгейде де өзіндік статусы бар қауым болып табылады. Әйел бұл тіршіліктің тұтқасы, ана деген ардақты ұғымды түсіну үлкен бір қоғамды түсіну дегенді білдіреді. Діни көзқараспен байланыстыра отырып әйелдердің орнын айқындауға келер болсақ, ол ең алдымен әлемнің жарық шуағын сыйлайтын ардақты ана, еркелеген бойжеткен, сүйкімді ару, қылықты қарындас, ақылшы апа, жалпы отбасының ұйытқысы десекте болады. Қандай теңеуді айтсақта әйелдер қауымына бәрі де өз үйлесімдігін беретіндей [11].

Отбасы, әйелдер мен балалардың мәселелерін шешу үшін 1995 жылы Елбасы тарапынан Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат» бойынша кеңес құрылды. 1997 жылы 5 наурыздан бастап «Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсартудың мемлекеттік саясат тұжырымдамасы» бекітілді. Осы уақыттан бастап гендерлік саясаттың Қазақстандық үлгісін қабылдау және жүзеге асыру басталды. 1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын жою туралы» Конвенцияға қосылды. Сондай-ақ, осы жылы Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы және әйелдер ісі бойынша Ұлттық комиссияға айналды [4].

Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы» Заңында ер мен әйелдің мынандай тең құқықтары мен мүмкіндіктері келтірілген:

- жыныстардың теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық базасын қалыптастыру, осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын жетілдіру және дамыту;

- мемлекеттік органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға гендерлік сараптама жүргізу;

- ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдігіне қол жеткізуге және жыныстық дискриминацияны жоюға бағытталған мемлекеттік мақсаттық бағдарламаларды өңдеу, қабылдау және жүзеге асыру;

- ерлер мен әйелдердің тең құқықтық мәдениетіне тәрбиелеу және насихаттау, жыныстық белгілері бойынша дискриминацияға бағытталған ақпараттардан, насихат және үгіттерден қоғамды қорғау шараларын қабылдау;

- мамандық бойынша жұмыстарға ерлер мен әйелдердің теңдей қатысуын ынталандырушы шараларды қабылдау және т.б. [5].

2003 жылдың 27 қарашасында біздің гендерлік саясаттың негізгі бағыттарын анықтаған Қазақстан Республикасының гендерлік саясатының Тұжырымдамасы бекітілді:

- саяси салада ер мен әйелдің қатысуының тең қолжетімділігі;

- әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетумен күресу;

- кәсіпкерлікті дамытуға тең қолжетімділік;

- әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

- қызметте теңдей және әділ көтерілу;

- отбасыда құқық және міндеттерді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау[4].

Қазақстанда гендерлік саясатты жүргізу жұмысын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат» жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті - Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған

гендерлік теңдік стратегиясы және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы мен гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі төмендегі халықаралық келісім-шарттар аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады, атап айтқанда:

- Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі Пекин тұғырнамасы (1995 ж.);
- БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясы (1998 ж.);
- Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция (2000 ж.);
- Тұрмыс құрған әйелдердің азаматтығы туралы конвенция (2000 ж.);
- ДЕҰ-ның 1951 жылғы № 100 ерлер мен әйелдердің тең құндылықты еңбекке тең сыйақы алуы туралы конвенциясы (2000 ж.);
- Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясының Факультативтік хаттамасы (2001 ж.).[6]

Дегенмен, гендерлік теңдік құқығын құқықтық бекіту үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Гендерлік саясатты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты ретінде жүзеге асыру экономиканың, әлеуметтік саланың дамуымен, әйел мен ердің тең құқығының конституциялық принциптерімен қамтамасыз етілген. Гендерлік компоненттердің қоғам өмірінің барлық саласына белсенді қатысуы гендерлік теңдікке қол жеткізуге үлкен мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, қоғам гендерлік саясатты тек қағаз жүзінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның өзімен қоғамдық ұйымдар, БАҚ және т.б. арқылы жүзеге асыру тиіс екендігін түсінуі қажет.

Қазақстандық қоғамның әлсіз қырлары төмендегідей:

- гендерлік теңдіктің қажеттілігін қоғамның жеткілікті түсінбеуі;
- әйелдің қоғамдағы рөлі мен орны туралы қалыптасқан дәстүрлі стереотипінің болуы;
- мемлекеттік органдардың гендерлік теңдік саясатын мардымсыз іске асыруы. Заңнамалық базаның жетілмегендігі, гендерлік бағдары бар заңнаманың жоқтығы, ерлер мен әйелдердің аз жүзіндегі теңдігі. Ерлер мен әйелдердің іс жүзіндегі тең құқықтылығына қол жеткізудің тетіктерінің жетіспеуі;
- мемлекеттік мекемелердің және ерлер мен әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі;
- мемлекеттік органдарда шешімдер қабылдау деңгейінде және экономиканың түрлі салаларындағы еңбекақысы жоғары жұмыстарда әйелдерден өкілдік етуі нашар;
- гендерлік саясатты іске асырудағы мемлекеттік мониторинг жүйесінің, сондай-ақ гендерлік талдаудың және гендерлік көрсеткіштердің болмауы;
- статистикалық ақпарат көлемі мен оның пайдаланылуының жеткіліксіздігі [7].

Қоғамды зерттеудің гендерлік амалы ерлер мен әйелдерге бірдей бағытталған. Гендерлік амал бірінші орынға мыналарды тартады:

- ерлер мен әйелдердің қызығушылықтарының айырмашылықтары, тіпті, бір ұй-шаруашылығында әрекет етуінде, өздерін ұстауында да байқалуы;
- әйел мен ердің отбасыдағы, жалпы қоғамдағы орнын анықтайтын дәстүрлер мен иерархиялық түсініктері ;
- жас ерекшелігі, әл-ауқаты, ұлттық ерекшелігі және т.б. факторларға негізделген ерлер мен әйелдер арасындағы ерекшелік;
- әлеуметтік, экономикалық және технологиялық тенденциялардың нәтижесі ретінде жылдам өзгертін гендерлік рөлдер мен өзара қарым-қатынастардың өзгеру бағыттары [8].

Мәні жағынан елдің экономикалық дамуына инвестиция салудан кем түспейтін «адамдық капиталға» инвестицияны максатты түрде көбейту гендерлік теңдік негізінде жүзеге асырылатын ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлаудың қажетті шарты мен болашақтағы экономикалық модернизацияның алғышарты болып табылады.

Негізгі мәселе үй бойынша орындалатын барлық міндеттердің, балаларды тәрбиелеу сияқты әйелге жүктелумен сипатталатын тұрмыстық дискриминация болып табылады. Сондай-ақ, әйел қоғамдық еңбекке де ерлермен теңдей қатысады. Дискриминацияның бірден-бір қауіпті түрі қылмыстық жауапкершілікке қатысты әйелдерге зорлық-зомбылықтың көрсетілуі болып табылады. Сондай-ақ әйелдерді жұмысқа қабылдауда, карьералық баспалдақ бойынша жоғарылауында, жынысына байланысты оның абыройын кемсіту сияқты құқықтары мен бостандықтарын шектеу немесе таптау болып табылатын жабық дискриминация түрі де бар. Соңғы жылдары билік құрылымдарында әйелдердің саны өсуде, дегенмен оларды қызметтік деңгейлері бойынша қарастыратын болсақ, бұл сан азайа түседі. Әйелдің жоғары біліміне, біліктілігіне, ұқыптылығына, атқарушы қабілетіне карамастан (әсіресе, әйел репродуктивті жаста болса) жұмыс беруші бос қызмет орнына ер адамды дұрыс деп санайды. Мұның себебі әйел декреттік демалысқа кеткен жағдайда жұмыс берушіге қолайсыз жағдарларды тудырады. Сондай-ақ, көптеген әйелдер білім беру, денсаулық сақтау сияқты жалақысы төмен дәстүрлі «әйелдік» салаларда қызмет етеді. Дегенмен, ер мен әйел арасындағы салалық және кәсіби дифференциация еңбекақы деңгейіне де ықпал етеді. Салалардағы еңбекақының жоғарғы деңгейі ерлердің жұмысбастылығының өсуіне, сәйкесінше еңбекақысы төмен жұмыстарда әйелдердің ығыстырылуына алып келеді [9].

Гендерлік саясатты жүзеге асырудың табысты болуы қоғамның бұл мәселені қалай түсінетіндігіне байланысты. Бұрынғы стереотиптер мен стандарттар ер мен әйелдің жаңа үлгідегі тең құқықтық ынтымақтастығына ауыстырылуымен сипатталатын гендерлік көзқарасты трансформациялау қажет. «Әйелдік» потенциалды мемлекеттік және жаһандық деңгейдегі мәселелерді шешуге қатыстыру тұрақты даму және гендерлік саясат сияқты екі басты әлеуметтік стратегияның біртұтас социомәдени контекстте дамуын қарастырады. Бұл ер мен әйелдің қоғам мен мемлекеттің барлық салаларында теңдей мүмкіндіктерді құру бойынша тиімді механизмдердің кешенін өңдеудің қажеттілігін көрсетеді [3].

Жалпы қорытындылай келе, еліміздің саяси бағытында жүзеге асып жатқан көптеген іс-шаралар кешені әйелдерді барынша қорғай отырып, олардың өмірін жақсартуға, армандары мен мақсаттарын жүзеге асыруға мемлекет тарапынан көптеген қолдау көрсетулерге жол ашылып келе жатыр. Қазақстанда гендерлік саясатты ұстанатын, қолдайтын басты заңнамалық құжаттардың негізі қаланған. Еліміздегі 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы гендерлік саясаттың алдағы жылдарда әрі қарай жүзеге асуына ықпал ететін басты құжат болып табылмақ. Дегенмен, біздің ойымызша, гендерлік теңдікке толықтай қол жеткізу үшін заңнамалық құжаттардың күші жеткіліксіз, өйткені бұған негізінен халықтың менталитеті мен дәстүрлі түсініктері де ықпал ететіні сөзсіз. Соған карамастан, өткен жылдар тәжірибесіне көз салсақ, елімізде әйелдер қауымының гендерлік теңдікке біршама қол жеткізгендігін көруімізге болады. Қазіргі заманғы әйел тек ошақ басында қалып қоймай, кез-келген салада ерлермен қатар көптеген міндеттерді қатар алып жүруде. Жалпы әйелдерді қорғау бойынша Қазақстан саясатында біршама жобалар жүзеге асырылуда. «Бизнестің жол картасы 2020» және «Кәсіпкерлікті дамыту» секілді т.б. жүргізіліп жатқан саяси бағдарламалар кешені әйелдерді қолдау мен олардың әлеуметтік ортадағы негізгі орындары мен міндеттерін бөліп көрсетуде. Жаңа тың идеялармен жобаларды одан әрі қарай дамыту барысын жоғарылатуда. Жалпы қазақ қоғамының негізгі менталитетіне сай бұл ең бастысы және ең негізгісі болып табылады. Әйелдерге тән нәзіктік пен еңбекқорлық қоғам өмірімен байланыса отырып жүзеге асырылуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.islam-orkeniet.kz/?p=4231> Ислам және өркениет газеті
2. Гендерный глоссарий. Электрондық ресурс: http://www.policy.hu/khassanova/glossary_rus.htm

3. Проблемы гендерного неравенства и гендерная политика в РК. Электрондық ресурс: http://library.wksu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_download&gid=1639&Itemid=2&lang=ru
4. «О Концепции гендерной политики в Республике Казахстан». Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 ноября 2003 года, N 1190.
5. Закон РК «О равных правах и равных возможностях женщин и мужчин», 2006 г.
6. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат туралы, Электрондық ресурс: http://www.ncgp.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1549%3A2010-04-12-11-49-32&catid=85%3A2010-01-18-16-20-57&lang=kk
7. Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы, Электрондық ресурс:
8. http://www.ncgp.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=160&Itemid=142&lang=kk
9. Что такое гендер? Электрондық ресурс: http://www.gender.cawater-info.net/what_is/index.htm
10. Соловьева Г. Гендерная политика и устойчивое развитие. Институт социальных и гендерных исследований, РК. Электрондық ресурс: <http://www.gender.cawater-info.net/publications/pdf/solovieva.pdf>
11. Женщина // Еврейская энциклопедия Брокгауза и Ефрона. — СПб., 1908—1913.

ОӘЖ159.9 218.3

ДІН ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛАРЫ

Давлетова Шахсанам

shahsanam_davletova@mail.ru

«Психология» мамандығы, студент, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.Р. Мандыкаева

Қоғамның дінге деген түсінігінің әрқилы болғандығы тарихтан белгілі. Кейбір мемлекеттер бір дінді алға шығарып, соған сенуді әрбір адамзаттың міндеті ретінде санаса, кейбірінде халықтың құдай мен дінге деген сеніміне тұсау салынған. Ал, қазіргі таңда өркенитеттік жолға түскен Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы адам құқығы ретінде мойындалып отыр. Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал етуі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

Дін арабша - адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортаға және өзінің ақыл ойы мен сана сезімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы; адамзат танымының дүниемен жаратылысқа деген көзқарасты айқындайтын мифология, философия және ғылымнан ерекше өзіндік бір тұрпаты; адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени институт; ерекше қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс. Діннің басты белгісі - адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және оны мойындау. Адамзат тарихының өн бойында дін адам сенімінің сипатына халықты қамтуына байланысты сан түрлі күйде болады.

Қазіргі таңда әлемде идеялар күресі жүріп жатыр. Халықаралық саясаттағы және мәдени ортадағы жаһандық өзгерістерді аңғарған жалған діни ұйымдар халықпен жұмыс жүргізу тәсілдерін өзгерте бастады. Олардың кез-келген ортаға бейімділігі радикалды тәсілдердің орнына заманауи уағыз насихат және білім беру технологияларын қолдануға